

84(5Каз)
Ә 55

—ҚЫТЖАН ӘЛІҚҰЛОВ

БЕТІМЕН КЕТКЕН БЕКТЕНБЕК



Бақытжан Элікулов

Бетімен кеткен Бектенбек



Алматы, 2010

УДК 821.512.122-93
ББК 84 Қаз-4
Ә 55

**ӘЛІҚҰЛОВ Б.
БЕТИМЕН КЕТКЕН БЕКТЕНБЕК.** – Алматы: “Нұрлы
Әлем”. 2010. – 24 6.

ISBN 978-601-205-125-4

Негізі Бақытжан Әліқұлов лирик ақын, әрі журналист. Оның сезімге бай, бас-аяғы жинақы, жүрекке жылы тиер жауқазын жырлары Тараздан және Алматыдан жарық көрген Жамбыл облысы ақын-жазушыларының ұжымдық жинактарына енген. Сонымен қатар, оның өлеңдеріне белгілі сазгерлер ән жазып, көпшілігі облыстық, республикалық теледидар, радиоларда және түрлі сахналар мен той-тамашаларда жиі шырқалады.

Ал, соңғы кездері Бақытжан балалар такырыбына да қалам тартып жүр. Ең бастысы оның мұндай дүниелерінде бүлдіршіндер мінез-құлқына тән әзіл мен әжуә бар. Окуга женіл, көнілге қонымды, мән-мағыналы. Жеткіншек тәрбиесіне қосар үлесі мол.

УДК 821.512.122-93
ББК 84 Қаз-4

ddt640_5,5

“ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТАҚ
БАЛАЛАР МЕН ЖАССОСПИМДЕР
КИТАЛХАНАСЫ”

ISBN 978-601-205-125-4

© Әліқұлов Б., 2010.

БЕТИМЕН КЕТКЕН БЕКТЕНБЕК

Әркін кетіп, еркін кеп,
Еркін ішіп, еркін жеп.
Бір бала бар жүретін,
Ойын десе елпілдеп.

Көше кезіп тектен-тек,
Бетіменен кеткен көп,
Жалқау әрі тілазар,
Аты оның – Бектенбек.

Сол Бектенбек бүгін де,
Кір-қожалақ күйінде.
Қарны ашқан соң, әйтеуір,
Қайтты кешке үйіне.





Күл-қоқысқа не түрлі,
Аунап келген секілді.
Шаңы шықты бұрқ етіп,
Қайырғанда кекілді.

Тастай салып асығын,
Үсті-басын қасынып.
Алақ-жұлақ етті де,
Үйге кірді асығып.

Кіре сала жалқауын,
Келгендей бір мал тауып,
Асықтырды апасын,
“Айран бер”, – деп, “ет бер” – деп.

Міне осындей балақай,
Біздің ерке Бектенбек.





БЕКТЕНБЕК ДЕН КӨК ЛАММА



Айналайын шырағым,
Өткенде де қораның
Төбесінен құладың.
Жамбасыңды ісіріп,
Сонда біраз жыладың.
Айтқан тілді ал-дағы,
Күзге дейін шыдағын.

Көктем кезі болатын,

Алмалар да көкпенбек.

Жегісі кеп сонда да,

Қызығып тұр Бектенбек.

Алманы оның алуға,

Бойы бірақ, жетпеді.

Әлін білмей сонда да,

Тыраштанып кетпеді.

Айналышқтап алманы,

Бар амалын істеді.

Таспен ұрды тимеді,

Сілкіледі түспеді.

Содан кейін ағашқа,

Шығамын деп ұмтылды.

Аласұрып жүргенде,

Балағы да жыртылды.

Қасына кеп ақырын,

Айтты атасы ақылын:

Түсінсеңші, Бектенбек,

Алма әлі көкпенбек.

Қызарып күзде піседі,

Сол кезде өзі-ақ түседі.





Саған айтқан сөзім бұл,
Тілді алмасаң өзің біл.
○ Үлғи да сен жүресің,
○ Бір пәлеге ұрынып.
○ Құлап тағы жүрмелін,
○ Беті-қолың жырылып,
○ Деп, атасы аяңдап,
○ Уйге кетті бұрылып.
○ Ал, бірақ та Бектенбек,
○ Айтқан тілді алмады.
Шықты талға тырмысып,
○ Жұламын деп алманы.
○ Сынып кетіп бір бұтақ,
○ Құлап түсті құлдырап.
○ Аяқ-қолы тілінді,
○ Киімі де бұлінді.
○







Бұл қызықты байқаған,
Келді атасы қайтадан.
Сипап оның мандайын,
Сұрап жатыр хал-жайын.
Білмей отыр Бектенбек,
Атасына не дерін.
Түсінгендей өзі де,
Үлкендердің сөзіне
Құлақ асу керегін.

Алмаса айтқан тілді кім,
Осындаі болар тірлігі.





АРМАННЫҢ ЯЛМАСЫ

— Әар ма, балам,
Тағы да қалған.
Алқызыл алман?
Тәтті екен балдан,
Әкеп ең қайдан? —
Деді әкесі Қалдан.

— Апама барғам,
Күзгі талдан
Үзіп алғам, —
Деді Арман.

Апасының үйінде,
Тал жоқ алма салатын.
Ақша да жоқ Арманда,
Алма сатып алтын.

Арман бірақ айтпады,
Басқа үйдің бағына,
Бұқпантайлад барғанын.
Кешегідей тағы да,
Алманы ұрлап алғанын.



ШЕГІРТКЕ МЕН СЛСЫК, КОНЬЗ


Бір шегіртке шешіп тастап шекпенін;
Қолына алды өткір жұзді кетпенін.
Шілде күні шып-шып терлеп, бір өзі,
Шауып шықты бақтың арам шөптерін.
Шегірткенің ұнамай бұл тірлігі,
Қоңыз досы келді оған бір күні.

– Сен байғұсты шаршады деп келіп ем,
Демалсанышы, шылым шегіп менімен, –
Деп жолдасын алдап-арбай бастады
Сөйтіп оның ақыл-ойын ластиады.
Шегіртке де елтіп қоңыз сөзіне,
Істеп жатқан бар жұмысын тастиады.



Осылайша қолын үзіп көп істен,
Көк тұтінді будақтатты Қоңызбен.
Көңіп қалып, Шегірткенің анасы,
Шыбық алып, шықпышты-ай кеп баласын.
— Ұған емес, ұрсыңызышы Қоңызға,
Сөлі ғой мені айналдырыған доңызға.
Дегі Шегіртке тұра қашты шырылдап,
Ағы суға, аузындағы шылымды ап.
— Кінәлама Қоңызды сен жазғырып,
Сасып өзі, жүре берсін мәңгіріп.
Біреуде емес, өзінде ғой ақылың,
Әр ісіңнің пайымдағын ақырын.
Дең анасы айтты сөздің дұрысын,
Еңдігісін өзің білгін, батырым...





Самат

Ойнаса да күнімен,
Кұмары бір қанбайды.
Кір-қожалақ түрімен,
Ақ төсекте аунайды.

Дастарханға отырса,
Беті-қолын жумайды.
Достарына қосылса,
Сабакқа бет бұрмайды.

Сабақтан көп қалады,
Екі мен үш алады.
Көрдіндер ме, осындай,
Самат сынды баланы.





Қүшітім

Қішкентай менің күшігім,
Саққұлақ, сезгіш пысығым.
Қой бағып, үйді күзетіп,
Тындырар күнде ісі мың.
Сүйкімді, адал күшігім,
Айнымас досы кісінің!



УЧЕБНИК ДЛЯ

Әй, шыбындар, шыбындар,

Үйден дереу шығындар.
Тоздырындар жүйкемді,
Сендерді көрсем жыным бар.

- Отырғанда түстеніп,
 - Ластайсыңдар үстелді.
 - Үйімде жүрген күндерін,
○ Осыменен бітті енді.



Кіш-кіш, кане, шыбындар,
Үйден жылдам шығындар.
Тазалықты білмейтін,
Үйге қарай құрындар.
Енді біраз сол жақта,
Сән-салтанат құрындар
Кір-қожалақ шыбындар!



100 ЯНҚАЛДЫРУ ОЙЫНЫ

(Өтірік өлең)

Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Ұшақпенен жарысты,
Ерттеп мініп ала атты.



Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Жұз күн желіп жүгірді,
Түріп алып балақты.




Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
От жаққызып балыққа,
Тілімен шоқ жалатты.


Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Жалмап қойды ыстықтай,
Тоғыз қазан тамақты.



Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Жұлдыздарды жинап ап,
Достарына таратты.

Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Үйде тұрған ілуі,
Жұтып қойды сағатты.






Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Қолмен ұрып сындырды,
Кара темір қалақты.

Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Итке сурет салғызды,
Беріп қалам, паракты.

Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Шыбық беріп тышқанға,
Екі пілді сабатты.

Таңқалдырып алапты,
Өзіне Қанат қаратты.
Үйлендіріп, той қылды,
Айна менен тарақты.

“Бала екен деп, талантты”,
Ел мақтады Қанатты.
Көрген жүртты осылай,
Таңқалдырып, таратты.



ЖІРІК ӘЛБНДЕР



ДАСЫ


Ауыздықтап аюды,
Мініп алдым жақсылап.
Айдарымнан жел есіп,
Мәз боп келем шапқылап.
Аю шіркін, шайтаннан,
Шабады екен қаттырақ.


Кең даланы жаңғырттық,
Үндістердің әнімен.
Біздің үйге келген сон,
Таныстырдым бәрімен.
Бактый сосын аюды,
Әңгелектің дәнімен.
Айрылмластай дос қылып,
Жүрмін оны әлі мен.

Бірте-бірте аюға,
Қазақ тілін үйреттім.
Ән айтқызып, одан сон,
“Қамажайды” билеттім.

Мұрт-сақалын қырсын деп,
Әдемі боп жүрсін деп.
Алып келдім шетелден,
Бір тоннасын “жилеттің”.
Үйлендірдім сөйттім де,
Семізіне үйректің.
Мұндай ақылды аюлар,
Сіберде де сирек тым.

“ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТАҚ
БАЛАДАР МЕН ЖАССЫЛІМДЕР
КИТАПХАНАСЫ”





Есек сауып күніге,
Шелек-шелек бал іштім.
Шошқаларымды тағалап,
Құс жолын мен жағалап.
Шетіне жеттім ғарыштың,
Сөйтіп, Алдар көсемен,
Сол жерде алғаш таныстым.
Ол да сонда жүр екен,
Өлді десек тірі екен.
Жасын оның сұрап ем,
Менен кіші іні екен.
Екеуміз жақсы дос болып,
Бір жыл сонда жүрдік біз.
Ғарыштағы ғажайып,
Көк теңізде жүздік біз.
Шашымыздан тор жасап,
Су перісін сұздік біз.
Отірікті ол өкіртіп,
Айтады екен үздіксіз.
Оның әрбір сөзіне,
Рахаттанып күлдік біз.



Әалағымды түрдім де,
Балапанды міндім де.
Астанаға асықпай,
Барып келдім бір күнде.




Әір досымның жазда алып шанасын,
Араладым қазақтың кең даласын.
Сосын құмда сырғанауды үйреттім,
Конъкименен көршіміздің баласын.





Жасқырды қойлар қуып жүр,

- Тиме енді бізге деп.
- Бұқаны ешкі қуып жүр,
Енді мені сұзбе деп.





Жамшы қылыш жыланды,
Ерттеп міндім құланды.
Мінбес едім бұл анды,
Қасыма кеп қасынып
Өзі оның сұранды.
Күп сосын қоянды,
Басып оздық қыранды.





○ ○ ○ ○ ○
 Құрбақаны мініп ап,
 Көк мұхитты шарладым.
 Ұшқан құстай зымырап,
 Кеменен де қалмадым.

○ ○ ○ ○ ○
 Идім сосын, дәу қармақ,
 Сабын жонып балғаның.
 Қауып еді майшабақ,
 Сынып кетті қармағым.

Шақырған соң күнде апам,
 Қайтып келдім ауылға.
 Тойынсын деп құрбақам,
 Жайдым жүз күн қауынға.
 Алғыс айтты ол тойғасын –
 Қауын еккен қауымға.





ЖАҢЫЛТПЯШ

Ақан атын ерттеді,
Есет есек ерттеді.
Сосын олар ит ертіп,
Аң аулауга беттеді.



Мазмұны:

Бетімен кеткен Бектенбек.....	3
Бектенбек пен көк алма.....	5
Арманның алмасы.....	9
Шегіртке мен сасық қоңыз.....	10
Самат.....	12
Күшігім.....	13
Шыбындар.....	14
Таңқалдыру ойыны	15
Өтірік өлеңдер.....	16
Жаңылтпаш.....	23

Бақытжан Әліқұлов “Бетімен кеткен Бектенбек”

○

○

○

○

○

○

○

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы

Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы – Асқаржан Сәрсек

Компьютерде терген – Жазира Нұргалиқызы

Дизайнер – Гүлнур Алтаева

Беттеген – Раушан Өскенқызы

Суретін салған - Бақтыбек Сия

○

Теруге 03. 12. 2009 ж. жіберілді. Басуға 9. 02.2010 ж. қол қойылды.

○

Қалпы 84 x108 1/16. Қағазы Финдық борлы қағаз. Офсеттік басылыш.

Баспа табагы 1,5. Таралымы – 1000 дана.

○

Тапсырыс № 7

○

“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.

○

481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы,

Алмалыбақ ауылы, Ерлепесов көшесі 1 үй.

○

○ “НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:
Алматы 8-(727) 276 30 10





Жамбыл ОБЖК

A standard linear barcode used for library identification.

2 150000 367264

350

